

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 15 ақпандағы N 206

Өзара қарыз міндеттемелерін өтеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен "Қазконтракт" акционерлік қоғамы арасында "Қазконтракт" акционерлік қоғамының Ресей кредиті бойынша, бұрын өзінен алынған валюта қаражаты өтемінің есебіне берілген, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 115 өкіміне сәйкес жеткізілген пестицидтер үшін берешекті өтеуге жұмсалған 4,4 (төрт

миллион төрт жүз) мың АҚШ долларына бара-бар сомаға берешекке бір жолғы есептеу жүргізсін, есептеу нәтижелері республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің мынадай өкімдерінің күші жойылған деп танылсын:

1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 432;

1993 жылғы 3 қарашадағы N 487;

1993 жылғы 30 қарашадағы N 552;

1993 жылғы 3 ақпандағы N 48;

1993 жылғы 7 сәуірдегі N 126;

1993 жылғы 23 қыркүйектегі N 363.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі